

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 15 мамырдағы № ДЗ-202 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Ауылдық елді мекендер тұрғындарының тұрғын үй жағдайларын жақсартуға қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

**Ауыл тұрғындары үшін жаңа ипотекалық бағдарлама әзірлеу бойынша**

Халықтың қалың жігінің, оның ішінде ауылдық жерлердегі тұрғындардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін мемлекет тарапынан кешенді жұмыс жүргізілуде және жан-жақты қолдау шаралары қабылдануда.

Мәселен, «Отбасы банк» АҚ-мен (бұдан әрі – Отбасы банк) ауыл тұрғындарының сұранысы мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында «Асыл мекен» пилоттық бағдарламасы іске қосылады, оның шеңберінде ауылдық елді мекендердің тұрғындары жылдық 5%-бен бастапқы жарнасы 10%-дан басталатын жеңілдікті ипотека ала алады.

Сондай-ақ, «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы шеңберінде ауылдарда жұмыс істейтін мамандар (дәрігерлер, педагогтар, мемлекеттік қызметшілер, инженерлер және т.б.) тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдікпен несиені ала алады.

**Анықтама:** несиенің бойынша жылдық жарна – 0,01%, ең жоғары сома 1500 АЕК-ке дейін, несиенің ең ұзақ мерзімі – 15 жыл, қарыздың мақсаты – тұрғын үй сатып алу немесе салу.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы іске қосылған «Отау» және «Наурыз» жаңа жеңілдікті ипотекалық бағдарламалары шеңберінде моноқалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жылжымайтын мүлік сатып алуға баса назар аудару мақсатында ауылдарда тұрғын үй сатып алатын азаматтардың екінші нарықта тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі түрінде артықшылығы бар.

Бұдан басқа, Отбасы банк жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі – ЖАО) бірлесіп, оның ішінде ауыл тұрғындары үшін жеңілдікпен несиелеудің өңірлік бағдарламаларын іске асыруда.

**Анықтама:** қарыздың ең жоғары сомасы 18 млн теңгеге дейін, қарыз бойынша сыйақы жарнасы жылдық 5%, қарыз мерзімі 6 айдан 25 жылға дейін, бастапқы жарна – қарыз сомасының кемінде 10%.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы кезеңде ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін жаңа ипотекалық бағдарламаны әзірлеу орынсыз деп санаймыз.

***Ауылдық жерлерде тұрғын үй құрылысын субсидиялау бойынша***

Ауылдық елді мекендерде тұрғын үй құрылысын ынталандыру мақсатында осы жылдың басынан бастап моноқалалар мен аудандарда өз қызметкерлері үшін тұрғын үй салу кезінде жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау тетігі енгізілді.

***Анықтама:*** қазіргі уақытта уәкілетті органдар елді мекеннің қаладан 30 километр радиуста орналасуы туралы талапты алып тастау бөлігінде осы тетікке түзетулер дайындауда.

Азаматтарға тұрғын үй үшін бастапқы жарнаны төлеу бойынша қаржылық қолдау көрсету үшін ЖАО бюджеттік кредит нысанында әлеуметтік көмек түріндегі тұрғын үй сертификаттарын ұсынады.

***Анықтама:*** әлеуметтік көмек соңғы 6 айдағы отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табысы 3,1 еселенген ең төменгі күнкөріс деңгейінен (125 757 теңгеге дейін) төмен азаматтарға тегін беріледі. Мәслихат шешімімен тұрғын үй сертификаттарын алушылардың мөлшері мен санаттары айқындалады.

Тұрғын үй құрылысының сапасын арттыру мақсатында Мемлекеттік сараптама порталында құрылыс жобаларының электрондық банкі енгізілді, онда әрбір өңірдің климаттық жағдайларын ескере отырып, ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алған үлгілік жобалар барлығына ашық қолжетімділікте орналастырылды.

Жалпы мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауында.

**С. Жұманғарин**